

"Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 8 қараша N 1419

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс жөніндегі департаменті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны оны жарғылық капиталына мемлекеттің 100 пайыз қатысуымен "Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қоғамның жарғысын бекіту кезінде қызметінің негізгі мәні:

Қазақстан Республикасында тіркелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге (бұдан әрі - дипөкілдік) қызмет көрсету; дипөкілдіктерді және олардың қызметкерлерін қызметтік және тұрғын үй-жайлармен қамтамасыз ету деп белгілесін;

2) Қоғамның мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Қоғам акциясының мемлекеттік пакетіне иелік ету және оны пайдалану құқығын берсін;

4) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар;

3) жарғылық қызметін орындау үшін Қоғамға берілетін жылжымайтын объектілердің тізбесі бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001 жылғы 8 қарашадағы

N 1419 қаулысымен

бекітілген

"Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" жабық акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы

Тілеубердин Алтай Абылайұлы	- Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің
Басшысы	
Смирнов Анатолий Владимирович	- Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер вице-министрі	
Өтепов Эдуард Карлұлы	- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының бірінші
орынбасары	
Нәдіров Бақыт Шайкенұлы	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің кеңесшісі,
Төтенше және Өкілетті Уәкіл	
Бозжігітов Айымдос Ерсайынұлы	
Қазақстан Республикасы Үкіметінің	
2001 жылғы 8 қарашадағы	
N 1419 қаулысымен	
бекітілген	

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Алматы қаласының аумағында орналасқан ұйымдар мен объектілерге қатысты мемлекеттік меншік түрлері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 қарашадағы N 1141 қаулысына(Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 41, 371 - құжат) :

Мемлекеттік үлестері мен акцияларының пакеттері мемлекеттік республикалық меншіктегі шаруашылық серіктестіктері мен акционерлік қоғамдардың тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 129-жолмен толықтырылсын:

"129. Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма Төле би атын. көше, 67-үй".

3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

Көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-56-жолмен толықтырылсын:

"123-56. "Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" ЖАҚ".

4. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне" бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 239-1-жолмен толықтырылсын:

"239-1. "Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" ЖАҚ".

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 8 қарашадағы
N 1419 қаулысымен
бекітілген

Жарғылық қызметті орындау үшін "Дипломатиялық корпусқа қызмет көрсету жөніндегі басқарма" ЖАҚ-на берілетін жылжымайтын объектілердің ТІЗБЕСІ

Қызметтік ғимарат, тұрғын үй мекен-жайы ! Ғимарат, үй-жәй қызметі

Алматы қаласы

- | | |
|-----------------------------------|--|
| 1. "Ақсай-3б" шағын ауданы, 38 үй | 34 пәтерлік тұрғын үй |
| 2. Әйтеке би көшесі, 78 | Дипломаттар клубы |
| 3. Амангелді көшесі, 68 а | Қырғыз консулдығы |
| 4. Желтоқсан көшесі, 111 а | Дипломатиялық корпусқа
қызмет көрсету
жөніндегі басқарма |
| 5. Желтоқсан көшесі, 87 | Израиль Елшілігі |
| 6. Зеньков көшесі, 59 | Египет Елшілігі |
| 7. Қабанбай батыр көшесі, 119 | Иран Елшілігі |
| 8. Қазыбек би көшесі, 18 | Дипломатиялық корпусқа
қызмет көрсету
жөніндегі басқарма |
| 9. Қарасай батыр көшесі, 34 | Канада Елшілігі |

- | | |
|---|--|
| 10. Мақатаев көшесі, 13 а | Болгария Елшілігі |
| 11. Мәуленов көшесі, 71 | Үндістан Елшілігі |
| 12. Пушкин көшесі, 97 | Румыния Елшілігі |
| 13. Райымбек көшесі, 189 | Автошаруашылық |
| 14. Төлебаев көшесі, 25 | Пакистан Елшілігі |
| 15. Фурманов көшесі, 99 | АҚШ Елшілігі |
| 16. Фурманов көшесі, 173 | Германия Федеративтік
Республикасының Елшілігі |
| 17. Чайковский көшесі, 208 | Украина Бас консулдығы |
| 18. Әйтеке би көшесі, 65 | ҚР Сыртқы іс министрінің Өкілдігі |
| 19. Бәрібаев көшесі, 36 | Өзбекстан Елшілігі |
| 20. Төле би көшесі, 29 | Түркия Елшілігі |
| 21. Фурманов көшесі, 137 | Қытай Халық
Республикасының Елшілігі |
| Астана қаласы | |
| 22. Бөкейхан көшесі, 38 | БҰҰ Өкілдігі |
| 23. Жангелдин көшесі, 40 | Дипломатиялық корпусқа
қызмет көрсету
жөніндегі басқарма |
| 24. "Молодежный" шағын ауданы,
14 үй, 23 а пәтер | Тұрғын үй-жай |
| 25. Көкшетау көшесі, 80 | Дипломатиялық корпусқа
қызмет көрсету
жөніндегі басқарма |
| 26. Республика даңғылы, 17 | Беларусь Елшілігі |
| 27. Сары-Арқа көшесі, 66, 6 пәтер | Тұрғын үй-жай |
| 28. Сары-Арқа, 66, 44 пәтер | АҚШ Өкілдігі |
| 29. Сары-Арқа көшесі, 66, 45 пәтер | АҚШ Өкілдігі |
| 30. Сары-Арқа көшесі, 66, 66 пәтер | Тұрғын үй-жай |